ҚР Ұлттық академиялық кітапхана жанынан құрылған
«АЛҚА» әдеби-мәдени оқырман клубының
ЕРЕЖЕСІ

Түсініктеме

1924-1925 жылдар Мағжан Жұмабай Мәскеуде көркем-әдебиет институтының соңғы курсында оқуда жүрген кезі. Бұл ақынның кеңестік империя астанасында аз уақыт болса да шығармашылықтағы ортада білім алып, ой қорытып, кемеліне келген шағы-тын. Ақын ұлт зиялыларымен бірге азаттық үшін қозғалысқа белсенді түрде атсалысты, соның бір көрінісі ретінде Мағжан құрған «АЛҚА» әдеби-мәдени клубын айта аламыз. Біздің мақсат кешегі Мағжан бастаған әдебиет пен мәдениеттегі сара жолды жалғау. Клуб мәдениетін қайта қалпына келтіру. Ізденімпаз оқырмандардың басын бір ортаға жинау.

«Алқа – осы»
Жасқа жөн сілтейтін, адасқанды жолға салатын, қисыққа тез болатын, «Алқа» – осы. Жөн іздеген жас болсаң, жол іздеген жолаушы болсаң, тез іздеген есті тентек болсаң, мынау «Алқа» – сенікі, - дейді Мағжан. XXI ғасырда қайта жаңғырған «Алқа» әдеби-мәдени клубының барлық оқырмандары үшін есігі ашық.

1. Жалпы ережелер

1.1. «АЛҚА» оқырман клубы (әрі қарай – клуб) – әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетінің маржанын насихаттау мақсатында құрылған бірлестік.
1.2. Ереже – клуб қызметінің жалпы тәртібін реттейтін құжат.
1.3. Ереже клуб мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін бекітеді.

2. Клубтың мақсаты мен міндеттері

2.1 Клубтың мақсаты:
- клуб мүшелерінің классикалық әлем және қазақ әдебиеті, жаңа замандағы түрлі саладағы әдебиеттердің озық үлгілері, «Кітап оқитын ұлт» жобасына енген әдебиеттер және Отбасы хрестоматиясы сериясымен шығатын кітаптар арқылы қала тұрғындарының кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, клуб мүшелерінің мәдени-интеллектуалдық деңгейін жан-жақты дамытуға бағытталған ғылыми-әдеби, мәдени шараларды ұйымдастыру;
2.2 Клубтың міндеттері:
- кітап оқу мәдениетін, оқуға деген қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған клуб мүшелерінің мәдени іс-әрекетін ұйымдастыру;
-клуб мүшелерінің ой-өрісін кеңейту, әлемдік және отандық әдебиеттің озық үлгілері арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау;
- оқырмандардың XXI ғасыр азаматына тән бәсекеге қабілетті, саналы, жан-жақты болуына ықпал жасау;
- елге танымал ғалымдар, жазушылар, мәдениет пен қоғам қайраткерлерімен кездесу, шеберлік сыныптарын ұйымдастыру;
- Астана қаласындағы ЖОО, ғылыми орталықтар, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктермен байланыс орната отырып, Клуб ережесінде көрсетілген мақсаттар аясында бірлесе жұмыстар атқару.

3. Клубқа мүшелікке өту

3.1. Астана қаласының кез-келген мектеп, мектептен кейінгі білім беру мекемесінің (колледж, ЖОО) студенттері және қала тұрғындары клубқа мүше бола алады.
3.2. Клуб мүшелігіне қабылдау жеке қалауы негізінде жүзеге асырылады.

3.3. Клуб мүшелері оның қызметіне жан-жақты қолдау көрсетеді.
3.4. Клуб мүшелері құқылы:
- клуб қызметінің мәселелерін еркін талқылауға;
- клубтың тыныс-тіршілігі мәселелерін шешуде тең дәрежеде дауыс беруге;
- қандай да бір бастамамен әрекет етуге;
- клуб жұмысында туындайтын сұрақтарға жауап алуға;
- клубтан өз еркімен шығуға.

4.5. Клуб мүшелері міндетті:
- клуб қызметінің ішкі тәртібін сақтауға;
- клуб қызметіне қатысуға;
- осы ереженің, сондай-ақ клуб қызметін реттейтін басқа да құжаттардың талаптарын орындауға;
- клуб басшысының тапсырмаларын орындауға;
- клуб жұмысына белсенді қатысуға;
- клубтың барлық кездесулеріне қатысуға.

4. Клуб қызметінің мазмұны

4.1. Клуб өз қызметін жоспарлы түрде, тегін әрі ерікті негізде жүзеге асырады.
4.2. Клуб қызметінің мәні:
- мәдени-әдеби мұраны терең түсінуге және бағалауға мүмкіндік беретін іс-шараларды, арнайы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу.
4.3. Клуб өз қызметінде келесі қағидаттарға сүйенеді:
- клуб мүшелерінің жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу;
- қолайлы психологиялық атмосфера қалыптастыру;
- қолжетімділік.
4.4. Клуб жетекшісі болып Шыңғыс Санжар Дастанұлы тағайындалады.
4.5. Клуб жетекшісі клуб мүшелерінің ескере отырып, бір жылға арналған қызмет жоспарын әзірлейді.
4.6. Клуб жетекшісі:
- жыл бойында клуб мүшелерімен жұмысты ұйымдастырады;
- білім орталығы басшысы бекіткен жоспар негізінде жүйелі түрде шығармашылық жұмыстарды жүргізеді;
- білім орталығы базасында өткізілетін көпшілік іс-шараларға клуб мүшелерінің қатысуын дайындайды;
- танымал тұлғалармен (ғалымдармен, жазушылармен, ақындармен, кітапханашылармен, әртістермен және т.б.) кездесулерді ұйымдастырады және өткізеді;
- клуб мүшелерінің бос уақытын тиімді өткізуге жағдай жасайды.

5. Клубтың жұмыс кестесі

5.1. Клубтың жұмыс уақыты клуб жетекшісі бекіткен кестемен анықталады.
5.2. Клуб отырысы аптасына бір рет өткізіледі.

6. Талқыланатын шығармаларды іріктеу тәртібі

6.1. Клуб отырыстарында талданатын шығармалар реті мынадай: айына бір көркем әдебиет туындысы: роман, повесть, әңгіме, т.с.с; бір көркем фильм, бір дәріс, немесе кездесу, және бір “Сөзталқы” форматындағы жиын.
6.2. Клубтың әрбір отырысында тек бір ғана шығарма талқыланады.

6.3. Клубтың әрбір отырысының соңында оның мүшелері келесі отырыстарда талқылағысы келетін шығармаларды ұсынады.

7. Клуб жұмысын бақылау

7.1.Клуб жұмысын бақылау оның жетекшісіне жүктеледі.

Шыңғыс Санжар Дастанұлы, клуб жетешісі байланыс тел.: 87476662398